

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 18 наурыздағы N 331 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Заңы

Техникалық реттеу туралы

Осы Заң Қазақстан Республикасында өнімдердің, процестердің, жұмыстардың және қызмет көрсетулердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің құқықтық негіздерін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) аккредиттеу - уәкілетті орган сол арқылы заңды тұлғаның белгіленген талаптарға сәйкестігін растау жөніндегі нақты жұмыстарды орындау құзыреттігін ресми танитын
р ө с і м ;

2) аккредиттеу аттестаты - сәйкестікті растау және аккредиттеу саласында жұмыстар жүргізу ережелеріне сәйкес берілетін, сәйкестігін растау жөніндегі органның және (немесе) сынау, өлшеу, салыстырып тексеру, калибрлеу зертханаларының (орталықтарының) (бұдан әрі зертханалар) сәйкестікті растау саласында нақты жұмыстарды орындауға құқығын куәландыратын құжат;

3) аудит (сәйкестікті растау саласындағы) - аккредиттелген сәйкестігін растау жөніндегі органдардың және/немесе сынау, өлшеу, тексеру, калибрлеу зертханаларының (орталықтарының) қызметіне жүргізілетін жүйелі, тәуелсіз құжатталған талдау, сондай-ақ өтініш берушінің бастамасы бойынша жүргізілетін сертификатталған өнімнің, оның өмірлік циклі процестерінің, сапа жүйелерінің белгіленген талаптарға сәйкестігін бақылау;

4) өнімнің, оның өмірлік циклі процестерінің қауіпсіздігі (бұдан әрі - қауіпсіздік) - жеке адамдардың өмірі мен денсаулығына, қоршаған ортаға, оның ішінде жануарлардың өмірі мен денсаулығына, өсімдіктерге, жеке және заңды тұлғалардың мүлкіне зиян келтірумен байланысты жол берілмейтін қатердің болмауы;

5) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарын

сақтауға мемлекеттік бақылау - техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын тексеру жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдардың қызметі ;

6) техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік топтамасы - өнімнің техникалық-экономикалық ақпарат объектілерінің жіктеме топтарының кодтары мен атауларының жүйелі жинағын көрсететін құжат;

7) мемлекеттік стандарт - уәкілетті орган бекіткен және тұтынушылардың көпшілігі қол жеткізе алатын стандарт ;

8) Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілері мен стандарттарының мемлекеттік қоры - мемлекеттік органдардың құзыреті шегінде қалыптастырылатын техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, стандарттардың және өзге де нормативтік құжаттардың арнайы қорларының жиынтығы ;

9) техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесі - өзінің құзыреті, сондай-ақ техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер, стандарттар және басқа құжаттар шегінде жұмыстарды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалар жиынтығы ;

10) сәйкестік туралы декларация - дайындаушы өзі айналымға шығаратын өнімнің белгіленген талаптарға сәйкестігін куәландыратын құжат;

11) сәйкестікті ерікті түрде растау - дайындаушының, сатушының бастамасы бойынша жүргізілетін, өнімнің және процестердің стандартқа, өзге де нормативтік құжатқа немесе тұтынушының арнайы талаптарына сәйкестігін растау жүзеге асырылатын процедура ;

12) ерікті түрде сертификаттау - өнімнің және процестердің стандарттар, нормативтік құжаттар немесе тапсырыс беруші мәлімдеген шарттар талаптарына сәйкестікті растау жөніндегі органдардың қатысуымен өнімдер мен процестердің сәйкестігін растау нысаны ;

13) өнімнің өмірлік циклі - өнімді жобалау, өндіру, пайдалану, сақтау, тасымалдау, өткізу, пайдаға асыру және жою процестері;

14) өтініш беруші - сәйкестігін растау үшін өнімді, процестерді ұсынған жеке немесе заңды тұлға, сондай-ақ сәйкестікті растау саласында аккредиттелуге және аудитке тапсырыс берген заңды тұлғалар ;

15) мүдделі тараптар - қызметі әзірленетін техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қолдану саласымен тікелей байланысты жеке және заңды тұлғалар, заңды және жеке тұлғалар бірлестіктері (одақтар, қоғамдастықтар), сондай-ақ қатысуы Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген өзге де тұлғалар ;

16) сәйкестік белгісі - өнімнің техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер, стандарттар мен басқа да құжаттар талаптарына сәйкестігін растау

рәсімінен өткені туралы сатып алушыларды хабарлауға арналған белгі;

17) өнімді бірегейлендіру - өнім сипаттамасын оны анықтайтын белгілерге сол арқылы теңестіру белгіленетін рәсім;

18) дайындаушы (орындаушы) - өнімді одан әрі аластату немесе өндірістік мақсаттарда өзі пайдалану үшін өндіретін, сондай-ақ ақылы және (немесе) ақысыз шарт бойынша жұмыстарды орындайтын немесе қызмет көрсететін жеке немесе заңды тұлғалар;

19) бақылау - тиісті сынаулармен және өлшеулермен қоса жүретін бақылаулар әрі тұжырымдар жасау жолымен жүзеге асырылатын сәйкестікті растау нысаны;

20) халықаралық стандарт - стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым қабылдаған және тұтынушылардың көпшілігі қол жеткен алатын стандарт;

21) сәйкестікті міндетті түрде растау - өнімнің техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкестігін растау сол арқылы жүзеге асырылатын рәсімдер;

22) міндетті түрде сертификаттау - сәйкестікті растау жөніндегі органның қатысуымен өнімнің және процестердің техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкестігін растау нысаны;

23) аккредиттеу саласы - сәйкестікті растау саласындағы жұмыстарды жүзеге асыратын сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген органдарға және (немесе) зертханаларға бекітіліп берілген объектілердің техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер, стандарттар немесе шарттар талаптарына сәйкестігін белгілеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін объектілер тізбесі;

24) сәйкестікті растау жөніндегі орган - сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін белгіленген тәртіппен аккредиттелген заңды тұлға;

25) өнім (қызмет көрсету) - процесс немесе қызмет нәтижесі;

26) сәйкестікті растау - нәтижесі объектінің техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер, стандарттар талаптарына немесе келісімдер шарттарына сәйкестігін құжаттамалық куәландыру (сәйкестік туралы декларация немесе сәйкестік сертификаты түрінде) болып табылатын рәсім;

27) процесс (жұмыс) - өнімнің өмірлік кезеңінің процестерін қоса қандай да бір тапсырылған нәтижеге жету жөніндегі өзара байланысты және жүйелі іс-қимылдар жиынтығы;

28) тәуекел - азаматтардың өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, мемлекет мүлкіне, жеке немесе заңды тұлғалардың мүлкіне зиян келтіру ықтималдығы;

29) техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің тізілімі (қағаз, электронды) - техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер, стандарттар және басқа құжаттарды, стандарттау жөніндегі техникалық комиссияларды, сәйкестік сертификаттарын, сәйкестік туралы декларацияларды, сәйкестікті растау жөніндегі

аккредиттелген орындарды, зертханаларды, сарапшы-аудиторларды есепке алу құжаты;

30) өңірлік стандарт - стандарттау жөніндегі өңірлік ұйым қабылдаған және тұтынушылардың көпшілігі қол жеткізе алатын стандарт;

31) стандарттау жөніндегі өңірлік ұйым - тек қана бір өңірдің: географиялық, саяси немесе экономикалық стандарттау жөніндегі тиісті органдары үшін қызметіне қатысуда ашық стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым;

32) сертификаттау - сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген органдардың өнімнің техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына, стандарттардың ережелеріне немесе келісімдердің шарттарына сәйкестігін растау
н ы с а н ы ;

33) сәйкестік сертификаты - өнімнің техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына, стандарттардың немесе өзге де құжаттардың ережелеріне сәйкестігін куәландыратын құжат;

34) стандарт - техникалық реттеу объектісіне ережелерді, жалпы принциптер мен сипаттамаларды белгілейтін нормативтік құжат;

35) ұйым стандарты - ұйым бекіткен стандарт;

36) стандарттау - нақты қолда бар және әлеуетті міндеттерді шешуге қатысты жалпылама және көп мәрте пайдалану үшін ережелер белгілеу арқылы өнімдер мен оның өмірлік циклінің процестеріне қойылатын талаптарды оңтайлы реттеу дәрежесіне жетуге
б а ғ ы т т а л ғ а н қ ы з м е т ;

37) сәйкестікті растау сызбасы - объектінің техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер, стандарттар немесе шарттар талаптарына сәйкестігін осы жұмысты жүргізудің нақты кезеңдерін (сынаулар, өндірісті бағалау, сапа жүйесін бағалау, нормативтік және техникалық құжаттаманы талдау және т.б.) сипаттай отырып
б е л г і л е у т ә с і л д е р і ;

38) техникалық реттеу - санитарлық және фитосанитарлық шараларды қоспағанда, сәйкестікте растау, аккредиттеу және белгіленген талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылау жөніндегі қызметті қоса алғандағы өнімге, процестерге қойылатын міндетті және ерікті талаптарды белгілеу, қолдану және орындау саласындағы қарым-қатынастарды құқықтық және нормативтік реттеу;

39) техникалық сарапшы - сәйкестігі расталатын объектіге қатысты қолданылатын арнаулы білімі немесе тәжірибесі бар адам;

40) стандарттау жөніндегі техникалық комиссия - мүдделі мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдардың құрылымдық бөлімшелері ретінде олардың ұсыныстары негізінде бекітілген стандарттау объектілері немесе қызмет бағыттары бойынша техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер және басқа да нормативтік құжаттарды әзірлеу үшін салаларда ерікті негізде экономика салаларында құрылатын
к о н с у л ь т а т и в т і к - к е ң е с у о р ғ а н ы ;

41) уәкілетті орган - техникалық реттеу саласындағы жұмыстарды заңға сәйкес басқаруға және стандарттау, сәйкестігін растау және аккредиттеу мәселелері бойынша халықаралық және өңірлік ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіруге уәкілетті мемлекеттік орган;

42) сәйкестікті растау нысаны - нәтижелері өнімнің белгіленген техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер немесе стандарттар немесе шарттар талаптарына сәйкестігінің дәлелдемесі ретінде қарастырылатын іс-қимылдардың белгіленген жиынтығы;

43) сәйкестікті растау, аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудитор - уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аттестаттаған маман.

2-бап. Осы Заңның қолдану саласы

1. Техникалық реттеу өнімге, оның өмірлік циклінің процестеріне, оның сәйкестігін растауға қойылатын міндетті және ерікті талаптарды белгілеу, қолдану және орындау және техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау саласында жүзеге асырылады.

2. Техникалық реттеудің объектілері өнім және процестер, олардың сәйкестігін растау, аккредиттеу және техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау болып табылады.

3. Мемлекеттік органдар, сондай-ақ заңды тұлғаның ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан Қазақстан Республикасының аумағында шаруашылық және өзге де қызметті жүзеге асыратын және техникалық реттеу объектілеріне қатысты Қазақстан Республикасының Азаматтық заңдарына сәйкес пайдалану құқығын иеленетін жеке және заңды тұлғалар техникалық реттеудің субъектілері болып табылады.

3-бап. Техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары

1. Техникалық реттеу саласындағы Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заңнан және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, халықаралық шарттың нормалары қолданылады.

4-бап. Техникалық реттеудің негізгі мақсаттары және принциптері

1. Техникалық реттеудің негізгі мақсаттары:

1) өнімдердің және процестердің азаматтар өмірі мен денсаулығы, оның мүлкі мен қоршаған орта үшін қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;

3) ресурстарды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету;

4) өнімдердің қауіпсіздігіне және оның функционалдық мақсатына қатысты тұтынушыларға теріс мағлұмат беретін іс-әрекеттердің алдын алу;

5) өнімнің бәсеке қабілетін қамтамасыз ету, саудадағы техникалық кедергілерді жою болып табылады.

2. Техникалық реттеу мынадай принциптерге:

1) техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің бірлігі мен тұтастығына;
2) бірыңғай терминологияны, өнімге және процестерге қойылатын талаптарды белгілеу ережелерін қолдануға;

3) экономикалық қызмет субъектілеріне техникалық реттеу процестеріне қатысу, мемлекет, өндірушілер мен тұтынушылар мүдделерінің балансы үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге;

4) отандық және импорт өнімге және оның белгіленген талаптарға сәйкестігін растау процедураларына қойылатын талаптар бірдейлігіне;

5) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді және стандарттарды әзірлеу кезінде шет ел мемлекеттерінің, халықаралық және өңірлік ұйымдардың ғылым мен техника жетістіктерін, нормалары мен стандарттарды басым пайдалануға;

6) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының мемлекеттік экономиканың, материалдық-техникалық базаның даму деңгейіне және ғылыми-техникалық даму деңгейіне сәйкес болуына;

7) өздерімен мемлекеттік құпияны және өзге заңмен қорғалатын құпия болатын жағдайдан басқа кезде техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер, стандарттар туралы, оларды әзірлеу, бекіту, жариялау тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізуге;

8) оларды қолдану мақсатымен стандарттарды ерікті таңдауға;

9) сәйкестікті растаудың бірыңғай жүйесі мен ережелеріне, сәйкестікті растау органдарының тәуелсіздігіне;

10) сәйкестікті міндетті түрде растауды жүргізу кезіндегі өлшеулер (сынаулар) ережелері мен әдістерінің біртұтастығына;

11) бір органның аккредиттеу және сәйкестікті растау жөніндегі өкілеттіктерді қоса атқаруын болдырмауға;

12) бір ұйымда мемлекеттік бақылау және сәйкестікті растау функцияларының қоса атқарылуына;

13) мемлекеттік құпияны және өзге де заңмен қорғалатын құпияны сақтауға;

14) сәйкестікті растау жөніндегі органдардың дайындаушылардан, сатушылардан және сатып алушылардан тәуелсіздігіне;

15) сәйкестікті растау және аккредиттеу құжаттарының, рәсімдерінің экономикалық мақсатқа сай болуына, ашықтығына және қол жеткізімділігіне;

16) өнімнің еркін айналымына жағдай жасауға;

17) стандарттарда және нормативтік құжаттарда техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкес келмейтін нормалардың белгіленуін

б о л д ы р м а у ғ а ;

18) сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарда бәсекелестіктің шектелуін болдырмауға негізделеді.

5-бап. Техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырушылық құрылымы

Техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырушылық құрылымын:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 2) уәкілетті орган;
- 3) өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар;
- 4) мемлекеттік органдардың техникалық реттеу жөніндегі сараптамалық кеңестері;
- 5) Дүниежүзілік сауда ұйымымен (бұдан әрі ДСҰ) өзара іс-қимыл жасасу жөніндегі органның ақпараттық орталығы;
- 6) стандарттау жөніндегі техникалық комиссиялар;
- 7) сәйкестікті растау жөніндегі органдар, зертханалар;
- 8) жеке және заңды тұлғалар құрайды.

6-бап. Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қазақстан Республикасының Үкіметі техникалық реттеу саласында:

- 1) техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді;
- 2) техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесін құруға жағдай жасайды;
- 3) техникалық реттеу саласында құқықтық реформаны жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;
- 4) техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесін дамытудың бағдарламасын бекітеді;
- 5) қорғау технологияларын пайдалану ережелерін және міндетті қорғалуға жататын құжаттар мен объектілер тізбесін бекітеді;
- 6) өнім мен процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында кез келген консультативтік-кеңес беру органдарын құрады.

7-бап. Уәкілетті орган

Уәкілетті орган мынадай функцияларды орындайды:

1. Техникалық реттеу саласында:

- 1) техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесін құруды мен қызметін қамтамасыз етеді;
- 2) техникалық реттеу саласында мемлекеттік саясаттың іске асырылуын жүзеге асырады;
- 3) техникалық реттеу саласындағы мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың қызметін үйлестіреді;
- 4) мемлекеттік органдармен бірлесе отырып, техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесін дамыту бағдарламасын әзірлейді және олардың тапсырмаларының орындалуын үйлестіреді;

5) жобалар мен қолданыстағы техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің техникалық реттеу саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатқа және осы Заңның 4-бабы 1-тармағының мақсаттарына сәйкестігіне сараптау жүргізуді ұйымдастырады;

6) стандарттау жөніндегі техникалық комиссиялармен, техникалық реттеу мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасасады;

7) стандарттау, сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдарда Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді. Қазақстан Республикасын стандарттау, сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдарда нәтижелерін өзара тану жұмыстарға қатысады;

8) құрамы мыналардың:

техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің; техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілермен үйлестірілген стандарттарды қоса мемлекеттік стандарттардың, өзге стандарттар мен құжаттардың;

сәйкестік сертификаттары мен сәйкестік туралы декларациялардың;

стандарттау жөніндегі техникалық комиссиялардың;

сәйкестікті растау жөнінде аккредиттелген органдардың зертханалардың;

сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторлардың

тізілімдерінен тұратын техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің бірыңғай тізілімін қалыптастыруды және жүргізуді ұйымдастырады;

9) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен стандарттардың мемлекеттік қорын қалыптастыруды және жүргізуді ұйымдастырады;

10) ДСҰ-мен, мүдделі мемлекеттік органдармен, жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жөніндегі ақпараттық орталықтың жұмыс істеу тәртібін белгілейді және қамтамасыз етеді;

11) сарапшы-аудиторларды аттестаттау тәртібін анықтайды және ұйымдастырады;

12) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің сақталуын мемлекеттік бақылауды жүргізу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады және үйлестіреді;

13) сату сатысында өнімге қатысты техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын бұзған жеке және заңды тұлғаларды заңдарда белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартады.

2. Стандарттау саласында:

1) мемлекеттік стандарттарды және техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық топтамаларын әзірлеудің, келісудің, есепке алудың, бекітудің, сараптаудың, өзгертудің және жоюдың тәртібін белгілейді;

2) техникалық реттеу саласында нормативтік құқықтық актілермен үйлестірілген стандарттар әзірлеуді ұйымдастырады;

3) Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық, өңірлік және ұлттық

стандарттарды, техникалық-экономикалық ақпарат топтамаларын, стандарттау, сәйкестікті растау және шет мемлекеттерді аккредиттеу жөніндегі ережелер мен ұсынымдарды есепке алу және қолдану тәртібін белгілейді;

4) стандарттау, сәйкестікті растау және аккредиттеу саласындағы жұмыстарды жүргізу жөніндегі ұлттық стандарттарды, ережелер мен ұсынымдарды шығаруды және таратуды ұйымдастырады, олар туралы ақпаратты жариялайды;

5) мемлекеттік стандарттаудың жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу тәртібін белгілейді.

3. Сәйкестікті растау және аккредиттеу саласында:

1) мүдделі мемлекеттік органдардың, стандарттау жөніндегі техникалық комиссиялардың және сәйкестікті растау жөніндегі органдардың қатысуымен сәйкестікті растау және аккредиттеу саласындағы жұмыстарды жүргізудің ережелерін белгілейді;

2) сәйкестікті растау жөніндегі орган ретінде заңды тұлғаларды және зертханаларды аккредиттеуді ұйымдастырады және жүргізуді, аккредиттеу немесе аккредиттеуден бастарту туралы шешім қабылдайды;

3) сәйкестік сертификатының, сәйкестік туралы декларацияның және аккредиттеу аттестатының нысанын белгілейді, осы заңға сәйкес аккредиттеу аттестатын береді, оның қолданысын тоқтата тұрады немесе күшін жояды;

4) сәйкестікті растау саласында техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің ережелерін белгілейді;

5) сәйкестікті растауды және аккредиттеуді жүргізу мәселелері бойынша шағымдарды (апелляцияларды) қарау үшін апелляциялық комиссияны құрады;

6) егер басқа ұйымдар шығарған, сәйкестікті растау мәселелері жөніндегі қаражаттар сәйкестікті растау бөлігінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің талаптарына сай болмаса, оларды жою туралы шешімдер қабылдайды.

8-бап. Мемлекеттік органдар

Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде техникалық реттеу саласында:

1) қолданыстағы техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер және олармен өзара байланысты стандарттар мен құжаттардың ғылыми-техникалық деңгейін талдауды;

2) техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті органға заңдарда белгіленген тәртіппен қажетті техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді немесе қолданыстағы техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістерді әзірлеу, нормативтік құжаттардың өзектілігі және оларды бірегейлендіру туралы ұсыныстар дайындау мен енгізуді;

3) Қазақстан Республикасында қабылданатын жоспарлар мен бағдарламаларға сәйкес техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді және

мемлекеттік стандарттарды әзірлеу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру мен үйлестіруді;

4) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар дайындау үшін сараптамалық кеңестер құруды;

5) өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, стандарттардың және өзге де нормативтік құжаттардың қорларын жүргізуді;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының орындалуын мемлекеттік бақылады;

7) қолданылатын стандарттарды әрі нормативтік құжаттардан халықаралық нормалармен және талаптармен үйлестіру (қажет жағдайда) жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды дайындауды және іске асыруды;

8) стандарттау жөніндегі техникалық комиссияларды сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және сәйкестігі міндетті расталуға тиісті өнімдер жөніндегі сынау зертханаларын құру жөнінде ұсыныстар дайындауды жүзеге асырады.

9-бап. Мемлекеттік органдардың техникалық реттеу жөніндегі сараптамалық кеңестері

1. Мемлекеттік органдардың техникалық реттеу жөніндегі сараптамалық кеңестері техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу, техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді және олармен үйлестірілген стандарттарды әзірлеумен және қолданумен байланысты саладағы мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін мәселелер бойынша ұсыныстар дайындау үшін құрылады.

2. Мемлекеттік органдардың сараптамалық кеңестерінің құрамы және олар туралы ереже оларды құратын мемлекеттік органдардың ұйымдастырушылық-басқару құжатымен бекітіледі.

Сараптамалық кеңестің жұмысына мемлекеттік органдардың, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің, Қазақстан Республикасының басқа да қоғамдық ұйымдарының өкілдері тартылады.

10-бап. ДСҰ-мен өзара іс-қимыл жасасу жөніндегі ақпараттық орталық

1. ДСҰ-мен өзара іс-қимыл жасасу жөніндегі ақпараттық орталық (бұдан әрі Ақпараттық орталық) техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіпте Қазақстан Республикасының мүдделі жеке және заңды тұлғаларына және шет мемлекеттерге олардың сұрау салулары бойынша:

қолданыстағы немесе әзірленіп жатқан техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер, стандарттар немесе оларға енгізілетін өзгерістер және

өнімнің оларға сәйкестігін растау процедуралары;

өнімнің қолданыстағы немесе әзірленіп жатқан техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің немесе стандарттардың талаптарына сәйкестікті
р а с т а у р ә с і м д е р і ;

Қазақстан Республикасының халықаралық немесе өңірлік ұйымдарға мүшелігі, екі жақты және көп жақты сипаттағы стандарттау, сәйкестікті растау, аккредиттеу жөніндегі халықаралық шарттарға қатысуы;

әзірленіп жатқан және қабылданған техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің, стандарттардың жобаларын жариялау көздері немесе олар туралы ақпараттар жөнінде құжаттардың көшірмелері мен ақпарат ұсыну үшін құрылады.

2. Ақпараттық орталық қолданыстағы және әзірленіп жатқан техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер, стандарттар және сәйкестікті растау рәсімдері туралы ақпараттарды ұсыну мәселелері бойынша Техникалық хатшылықпен, ДСҰ-ға мүше-елдермен, халықаралық және өңірлік ұйымдармен өзара іс-қимыл ж а с а с у д ы ж ү з е г е а с ы р а д ы .

3. Ақпарат уәкілетті органның ресми басылымында және жалпы пайдаланылатын ақпараттық жүйеде хабарлама түрінде электронды-сандық нысанда орналастырылады. Хабарлама нысаны, толтыру және ұсыну тәртібін уәкілетті орган анықтайды.

11-бап. Стандарттау жөніндегі техникалық комиссиялар

1. Стандарттау жөніндегі техникалық комиссиялар салааралық деңгейде стандарттау жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін экономика салаларында құрылады.

Техникалық комиссиялар мүдделі мемлекеттік органдардың, өзге де ұйымдардың ұ с ы н ы с т а р ы б о ы ы н ы ш а құ р ы л а д ы .

Стандарттау жөніндегі техникалық комиссияларды құру және тарату уәкілетті органның ұйымдастырушылық-басқару құжатымен ресімделеді.

2. Стандарттау жөніндегі техникалық комиссиялардың құрамына мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, өндірушілер мен тұтынушылардың және Қазақстан Республикасының басқа да мүдделі жеке және заңды тұлғаларының өкілдері к і р е д і .

Техникалық комиссиялардың құзыретіне:

1) бекітіліп берілген объектілер және қызмет бағыттары бойынша техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесін дамытудың негізгі бағыттарын айқындау жөніндегі ұ с ы н ы с т а р д ы д а й ы н д а у ;

2) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен мемлекеттік стандарттарды және техникалық-экономикалық ақпарат топтамаларын, халықаралық, өңірлік ұлттық стандарттар мен шет мемлекеттердің техникалық-экономикалық ақпарат топтамаларын және белгіленген тәртіппен оларға енгізілетін өзгерістерді әзірлеуге және сараптауға қатысу;

3) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен мемлекеттік

стандарттарды әзірлеу жөніндегі жұмыс жоспарларына және бағдарламаларына
ұсыныстар дайындау жатады.

3. Стандарттау жөніндегі техникалық комиссияларды құрудың, олардың жұмыс істеуінің, таратудың тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

12-бап. Сәйкестікті растау жөніндегі органдар

1. Өнім өндірушілерден тәуелсіз, бекітіліп берілген қызмет бағыттары бойынша штатында сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлары және зертханалары бар техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті орган сәйкестікті растау жөніндегі органдар ретінде белгілеген тәртіппен аккредиттелген заңды тұлға бола алады.

Сәйкестікті растау жөніндегі органдар, оның ішінде шетелдік органдар уәкілетті орган белгілеген тәртіппен аккредиттелуі тиіс.

Сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген органдардың филиалдары мен өкілдіктері техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіппен сәйкестікті растау жөніндегі органның құрамында аккредиттеледі.

2. Сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген органдар өтініш берушілермен шарт жасасу жағдайларында аккредиттеу саласы шегінде мынадай функцияларды жүзеге асырады :

1) сәйкестікті міндетті растау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге дайындаушылардың, сатушылардың, орындаушылардың тапсырыстарын қарайды, сәйкестігін растауға ұсынылған өнімді бірегейлендіреді;

2) сәйкестікті растау жөніндегі белгіленген ережелерге сәйкес сәйкестікті міндетті растау жөніндегі жұмыстарды жүргізеді және оң нәтижелер алынғанда сәйкестік сертификатын береді;

3) дайындаушылардың тапсырыстары бойынша олардың сәйкестік туралы декларацияны қабылдауға қажетті жұмыстарды жүргізеді;

4) сәйкестік туралы декларацияны тіркейді;

5) сәйкестікті растау сызбасына сәйкес өткізу тәртібін уәкілетті орган белгілейтін міндетті түрде сәйкестігін растаудан өткен өнімге инспекциялық бақылауды жүзеге асырады және оның нормативтік талаптарға сәйкес болмауы анықтаған жағдайда техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті орган белгілеген тәртіпте өздері берген сәйкестік сертификаттарының қолданысын немесе сәйкестік туралы декларацияны тіркеудің қолданысын тоқтата тұрады немесе жояды;

6) мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын тиісті мемлекеттік органдарға міндетті түрде сәйкестігін растаудан өтпеген өнім туралы, сәйкестік сертификаттарының қолданысын немесе сәйкестік туралы декларацияны тіркеуді тоқтата тұру немесе жою туралы хабарлайды;

7) берілген сәйкестік сертификаттарының және тіркелген сәйкестік туралы декларациялардың тізілімін жүргізеді.

3. Сәйкестікті растау жөніндегі органдардың:

1) дайындаушының, сатушының, орындаушының тапсырысы бойынша аккредиттеу саласы шегінде объектінің сәйкестігін міндетті және ерікті түрде растауды жүргізуге;

2) сәйкестікті растау рәсімдерін жүзеге асыру үшін шарт жасасу жағдайларында құзыретті ұйымдарды, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды, өнімдер немесе қызмет түрлері бойынша техникалық сарапшыларды тартуға;

3) өтініш берушіден сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қажетті құжаттардың ұсынылуын сұратуға құқығы бар.

4. Сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген органдардың құқық қабілеттігі олар аккредиттеу аттестатын алған сәтте туындайды және осы заңмен белгіленген тәртіппен оны кері қайтарып алуға байланысты қолданылу мерзімінің өтуі немесе жарамсыз деп танылуы сәтінде тоқтатылады.

5. Сәйкестікті растау жөніндегі органдар міндетті сәйкестікті растау ережелерін бұзғаны және сертификатты заңсыз бергені үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

6. Сәйкестікті растау жөніндегі орган аккредиттеу саласына сәйкес іс-әрекетті жүзеге асыру кезінде:

1) өз құрамында қызмет бағыттары бойынша сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың болуын;

2) өтініш берушінің сәйкестікті растаудың ережелері мен шарттары туралы ақпараттарға кедергісіз қол жеткізуін қамтамасыз етуге;

3) өтініш берушіге қатысты кемсітушілікке жол бермеуге;

4) берілген сәйкестік сертификаттары туралы және сәйкестікті растау саласындағы техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің ережелеріне сәйкес объектілерді сертификаттаудан бас тартулар туралы мәліметтерді беруге міндетті.

13-бап. Сынау, өлшеу, тексеру, калибрлеу зертханалары (орталықтары)

1. Зертханалар меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалар немесе уәкілетті орган белгіленген тәртіппен аккредиттеген олардың құрылымдық бөлімшесі (филиалы, өкілдіктері) болып табылады.

Заңды тұлғаның құрылымдық бөлімшесі болып табылатын зертханаларда сынауларды жүргізу кезінде оған сынау зертханасына сынау жүргізуді тапсырған сәйкестікті растау жөніндегі органның өкілі қатысуға тиіс.

2. Сәйкестікті растау мақсатында сынау жүргізу жөніндегі аккредиттелген зертханаларының құқық қабілеттігі, олар аккредиттеу аттестатын алған кезде туындайды және оның алып қойылуына, қолдану мерзімінің бітуіне, техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті орган белгіленген тәртіппен жарамсыз деп тануына байланысты тоқтатылады.

3. Аккредиттелген зертханалар сәйкестікті растау жөніндегі органдармен немесе басқа өтініш берушілермен шарт жасасу жағдайларында:

1) өзінің аккредиттеу саласы шегінде міндетті немесе ерікті түрде растау мақсатында объектілерге сынаулар жүргізеді;

2) сынаулар нәтижелерінің дұрыстығын қамтамасыз етеді;

3) Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіппен және нысан бойынша жұмыс нәтижелерін ресімдеп береді.

4) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

4. Зертхана объектілердің сәйкестігін растау кезінде оларға дұрыс емес сынақ нәтижелерін тапсырғаны үшін олар Қазақстан Республикасының заңы бойынша жауапты болады.

14-бап. Техникалық реттеу саласында жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттері

1. Жеке және заңды тұлғалар:

техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен мемлекеттік стандарттарды, техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер мен стандарттар жобаларын және оларға енгізілетін өзгерістерді әзірлеу, өзгерістер енгізу, жою жөніндегі ұсыныстарды дайындайды;

қажет кезде осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттарда стандарттау жөніндегі тиісті бөлімшелер мен қызметтерді құрады.

2. Сәйкестікті міндетті түрде растауға жататын өнімді сататын жеке және заңды тұлғалар оның осы Заңның, Қазақстан Республикасының техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің ережелеріне сәйкестігін міндетті түрде растауды қамтамасыз етеді.

15-бап. Техникалық реттеу саласындағы ақпарат

1. Әзірленетін және қабылданатын техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер туралы ресми ақпарат, ұлттық, халықаралық, өңірлік стандарттар мен техникалық-экономикалық ақпарат топтамасы, ұйымдар стандарттары және стандарттау жөніндегі ұсыныстар, сондай-ақ осы құжаттардың өзі пайдаланушыларға, соның ішінде мемлекеттік құпия және өзге де заңмен қорғалатын құпия болмайтын бөлігінде қол жетімді болуға тиіс.

2. Пайдаланушыларды стандарттармен және стандарттау, метрология, сертификаттау, аккредиттеу, каталогтар жөніндегі нормативтік құжаттармен және стандарттар сілтемелерімен қамтамасыз етуді және басып шығаруды уәкілетті органмен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

3. Қабылданғаны туралы ақпарат және әрбір стандарттың және өзге де нормативтік құжаттың бір данасы уәкілетті органға бірыңғай анықтамалық-библиографиялық деректер қорын құру үшін жіберіледі.

4. Мүдделі тұлғаларды шығарылған мемлекеттік стандарттармен, стандарттау жөніндегі ұсыныстармен және олар туралы ақпаратпен қамтамасыз ету тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

2-бөлім. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер

16-бап. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер

1. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актіні әзірлеудің орындылығы мен талаптары осы Заңның 4-бабының 1-тармағында белгіленеді.

2. Өнімге, процестерге арналған техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптары Қазақстан Республикасына жануарлармен немесе өсімдіктермен, не олардың қайта өңделген өнімдерімен жеткізілетін аурулардың еніп кетуінің алдын алуға бағытталған, санитарлық және фитосанитариялық талаптарды белгілеу мен қолдануды қоспағанда, өнімнің шыққан еліне және (немесе) шыққан орнына қарамастан тең жағдайда белгіленеді және қолданылады.

Қажеттік өлшемдері, санитарлық және фитосанитариялық шаралардың талаптары мен рәсімдері осындай өнімнің, оның өмірлік циклінің барлық процестерінде зиян келтіруіне нақты ғылыми негізделген тәуекелдің деңгейіне негізделеді.

Процестерге қойылатын техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптары, егер олар өнімнің шыққан елі және (немесе) шыққан орнына қарамастан бірдей үлгіде және тең жағдайда осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көрсетілген мақсаттарға жетуге әсер ете алатын болған жағдайда ғана анықталады, белгіленеді және қолданылады.

3. Шетелдік мемлекеттердің, халықаралық және өңірлік ұйымдарының нормалары мен стандарттары техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу үшін негіз ретінде толықтай немесе жартылай пайдаланыла алады.

4. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актінің мемлекеттік экономика мүдделеріне, материалдық-техникалық базаның дамуына және ғылыми-техникалық даму деңгейіне, сондай-ақ халықаралық нормалар мен ережелерге сәйкес келмейтін жағдайда техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті орган техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актіге өзгерістер енгізу немесе техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актіні жою рәсімін бастауға міндетті.

5. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптары осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көрсетілген мақсаттарды орындау үшін кәсіпкерлік іс-әрекет үшін қажет деңгейден артық кедергілер тудырмауы керек.

6. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерде бар міндетті талаптар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында тікелей әрекет етеді және тиісті

техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу жолымен ғана өзгерілуі мүмкін.

7. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актіні өндіріске дайындық мәселелерін және техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актіні енгізу, нормативтік немесе техникалық құжаттаманы әзірлеу және (немесе) түзету, сондай-ақ өнім өндіруге арналған басқа да мәселелер шешілуі тиіс өтпелі кезенді көздейтін мерзімді және оны қолданысқа енгізу шарттарын көздеуі тиіс.

8. Техникалық реттеу саласында:

- 1) өнеркәсіптік және өндірістік қауіпсіздік;
 - 2) үй-жайды, құрылыстарды, ғимараттарды және оларға көршілес аумақтарды қауіпсіз пайдалану;
 - 3) өрт қауіпсіздігі;
 - 4) биологиялық қауіпсіздік;
 - 5) электромагнитті сыйымдылық;
 - 6) экологиялық қауіпсіздік;
 - 7) ядролық және радиациялық қауіпсіздік;
 - 8) химиялық қауіпсіздік;
 - 9) электр қауіпсіздігі;
 - 10) ақпарат қауіпсіздігі;
 - 11) токсикологиялық қауіпсіздік;
- 12) өлшем бірлігі мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілер қабылданады.

17-бап. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің мазмұны

1. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер зиян келтіру тәуекелінің деңгейін ескере отырып, өнімнің, процестердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ең төменгі қажетті талаптарын белгілейді.

2. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актіде: оның талаптары қатысты болатын өнімнің, процестердің толық қамтыған тізбесі; техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актіні қабылдау мақсаттарына жетуді қамтамасыз ететін өнімнің, процестердің сипаттамаларына қойылатын талаптар болуға тиіс.

Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актіде өнімнің, оның өмірлік процесін таңдап байқау және сынау ережелері, сәйкестікті растаудың ережелері мен нысаны (соның ішінде сәйкестікті бекіту сызбалары), және (немесе) терминологияға, орамаға, таңбалауға немесе этикеткаға және оларды түсіру ережелеріне қойылатын талаптар болуы мүмкін.

3. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актіде, егер конструкцияға қойылатын талаптардың болмауының және келтірілетін залалдың дәрежесі ескеріле отырып орындалуы салдарынан осы Заңның 4-бабының 1-

тармағында көрсетілген мақсаттарға жету қамтамасыз етілмейтін жағдайды қоспағанда, конструкцияға және өнімді, процестерді орындауға қойылатын талаптар болмауға тиіс.

4. Халықаралық ұйымдар актілер техникалық реттеу саласында ұлттық нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу кезінде, егер олар:

- 1) Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына қайшы келмесе;
- 2) осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттарға барабар сәйкес келетін болса толықтай немесе ішінара негіз етіп алынуы мүмкін.

5. Егер, өнімді ұзақ пайдалану зиян келтіруі мүмкін тәуекел деңгейін анықтауға мүмкіндік бермейтін факторларға байланысты өнімге қойылатын талаптарды айқындау мүмкін болмаған жағдайда, онда техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актіде тұтынушыны орын алуы мүмкін зиян туралы және оған байланысты болатын факторлар туралы хабардар етуге қатысты талаптар болуға тиіс.

6. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерде зиян келтіру тәуекелінің деңгейін ескере отырып техникалық реттеудің объектілеріне:

1) азаматтардың жекелеген санаттарын (кәмелетке толмағандар, жүкті әйелдер, бала емізетін аналар, мүгедектер) қорғауды қамтамасыз ететін;

2) егер климаттық және географиялық ерекшеліктерге қатысты мұндай талаптардың болмауы осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізбеуге әкеп соғатын болса, өнім шыққан жекелеген орындарында қолданылатын;

3) техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар орын алған кезде Қазақстан Республикасының және көршілес мемлекеттердің азаматтарының өміріне, қоршаған ортаға қауіп төндіретін трансшекаралық қауіпті өндірістік объектілерге қойылатын арнайы талаптардан тұруы мүмкін.

3-бөлім. Стандарттау. Жалпы ережелер

18-бап. Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттары

1. Қазақстан Республикасы аумағында қалыптасқан тәртіппен бекітілген:

- 1) халықаралық стандарттар;
- 2) өңірлік стандарттар, техникалық-экономикалық ақпарат топтамалары, стандарттау жөніндегі ережелер мен ұсыныстар;
- 3) Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары мен техникалық-экономикалық ақпарат топтамалары;
- 4) ұйым стандарттары;
- 5) Қазақстан Республикасының стандарттау жөніндегі ұсыныстары;
- 6) уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қолданылатын шет мемлекеттердің ұлттық стандарттары, ұйым стандарттары, техникалық-экономикалық ақпарат топтамалары, ережелер, нормалар және стандарттау жөніндегі ұсыныстары қолданылады.

2. Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды әзірлеу жөніндегі жұмыстарды басқару техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесі шегінде жүзеге асырылады.

19-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары

1. Мемлекеттік стандарттарды әзірлеу, келісу, қабылдау, есептеу, өзгерту және жою тәртібін уәкілетті орган бекітеді.

2. Мемлекеттік стандарттар:

1) белгілі бір салаға арналған жалпы ұйымдастырушылық-әдістемелік ережелерді және/немесе жалпы техникалық талаптар мен ережелерді белгілейтін негізгі стандарттар;

2) өнімнің біртекті топтарына белгіленетін және қажет жағдайда, нақты өнімге қойылатын талаптарды белгілейтін өнімге арналған стандарттарға;

3) өнімдерді, процестерді бақылау әдістеріне арналған стандарттарға;

4) процестерге арналған стандарттарға бөлінеді.

3. Мемлекеттік стандарттарда:

1) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді сақтауды қамтамасыз ететін өнімдердің, процестердің қауіпсіздігі жөніндегі қажетті ең аз талаптар;

2) өнімді жіктеуге қойылатын талаптар;

3) өнімнің бірегейлендіру, үйлесу және өзара алмастырушылық көрсеткіштері;

4) терминдер мен айқындамалар;

5) өнімнің тұтынушылық қасиеттері мен сипаттамаларын қоса алғанда функционалдық мақсатының көрсеткіштері;

6) қабылдау, орау, таңбалау, тасымалдау, сақтау, жарату және жою ережелері;

7) сапасы мен қауіпсіздігін сынау әдістері;

8) ресурстардың барлық түрлерін сақтауға және ұтымды пайдалануға қойылатын талаптар;

9) сапа менеджменті жүйелері мен экологиялық менеджментті енгізуді қамтамасыз ететін өндірісті ұйымдастыруға қойылатын талаптар;

10) белгілі бір қызмет саласына арналған ұйымдастырушылық-әдістемелік сипаттағы ережелер, сондай-ақ жалпы техникалық нормалар мен ережелер белгіленуі мүмкін.

4. Мемлекеттік стандарт ретінде қабылданған, стандарттаудың сол саласына арналған мемлекетаралық стандарттар болған жағдайда, мына жағдайда:

мемлекетаралық стандарттар ережелері Қазақстан Республикасының мүдделеріне қайшы келсе;

мемлекеттік стандарттарды халықаралық, өңірлік немесе шет елдердің ұлттық стандарттарына үйлестіру қажеттігі болса;

Қазақстан Республикасының климаттық, географиялық ерекшеліктеріне орай

халықаралық стандарттарды қолдану мүмкін болмайтын болса;
мемлекеттік стандарттарды әзірлеуге жол берілмейді.

5. Мемлекеттік стандарттар өнімнің шыққан жеріне қарамастан ерікті негізде тең жағдайда қолданылады.

20-бап. Қазақстан Республикасының техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық топтамалары

1. Топтау мен кодтауға есептелуге жататын техника-экономикалық және әлеуметтік объектілер және экономика мен өндіріс салаларында қолданылатын олардың қасиеттері ж а т а д ы .

2. Техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық топтамаларын әзірлеу жөніндегі жұмыстар мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыстардың жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүргізіледі.

3. Мемлекеттік органдар техникалық-экономикалық ақпараттың мемлекеттік топтамаларын әзірледі, жүргізуді және өзекті етуді жүзеге асырады.

Техникалық-экономикалық ақпараттың ұлттық топтамаларының тізімін статистика саласындағы уәкілетті орган жүргізеді.

4. Қазақстан Республикасында техникалық-экономикалық ақпаратты жіктеу және оларға код беру жүйесінің құрылуы мен қызметіне бақылау жасау жөніндегі жұмыстарды үйлестіруді уәкілетті орган жүзеге асырады.

Мемлекеттік топтамаларды әзірлеу, бекіту, қолданысқа енгізу, қолдану тәртібі уәкілетті органмен белгіленеді.

21-бап. Қазақстан Республикасының Ұйымдар стандарттары және стандарттау жөніндегі

ұсыныстар

1. Ұйымдар стандарттарын осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көрсетілген мақсаттар үшін ұйымдар өздері дербес әзірлейді және бекітеді әрі олар техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына қайшы келмеуге тиіс.

Стандарттарын әзірлеу, бекіту, есептеу, өзгерту, жою, тіркеу, белгілеу, басып шығару тәртібін осы Заңның 4-бабының ережелері ескеріле отырып, оларды дербес бекітетін ұйымдар белгілейді.

Ұйым стандарттары қолдану үшін ерікті сипатқа ие және техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына қайшы келмеуге тиіс.

2. Ұсыныстар сәйкестікті растаудың өлшем бірлігін қамтамасыз етіп, стандарттау жөніндегі жұмыстар жүргізуге қатысты қолдануға ерікті ұйымдастыру-әдістемелік е р е ж е л е р і н қ а м т и д ы .

Ұсыныстарды құруға, ресімдеуге, ұстауға, оларды әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу және қолдану тәртіптеріне қойылатын талаптарды оларды бекітетін ұйым белгілейді.

22-бап. Халықаралық, өңірлік және ұлттық стандарттар мен шет мемлекеттердің нормативтік құжаттарын қолдану

1. Қазақстан Республикасы аумағында осы Заңның 4-бабының 1-тармағында бекітілген мақсаттарға сай халықаралық және өңірлік стандарттар, техникалық-экономикалық ақпарат топтамалары, ережелер, нұсқаулықтар мен ұсыныстар; ұлттық стандарттар, ұйым стандарттары, техникалық-экономикалық ақпарат топтамалары, шет мемлекеттердің стандарттау жөніндегі ережелері, нормалары және ұсыныстары қолданылуы мүмкін.

2. Қолдану үшін халықаралық және өңірлік, шет мемлекеттердің ұлттық стандарттарын Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары ретінде қолдану үшін қажетті шарттар болып мыналар:

1) Қазақстан Республикасының стандарттау, метрология, сертификация және аккредиттеу жөніндегі халықаралық және өңірлік ұйымдарға мүшелігі;

2) Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасында стандарттау саласындағы ынтымақтастық туралы екі жақты (көп жақты) шарттардың (келісімдердің) болуы Қазақстан Республикасының аумағында стандарттар мен құжаттарды пайдалану үшін қажетті шарттар болып табылады.

3. Қазақстан Республикасы мүше болып табылмайтын халықаралық және өңірлік стандарттарды Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының қолдануы аталған стандарттар мен шарттарға сілтеме болған жағдайда жүзеге асырылады.

4. Халықаралық және өңірлік стандарттарды, техникалық-экономикалық ақпарат топтамаларын, ақпараттарды, ережелерді, нұсқаулықтар мен ұсыныстарды қолданысқа енгізуді, сондай-ақ шет мемлекеттердің ұлттық стандарттарын Қазақстан Республикасының аумағында қолдану, ресімдеу, құру, жазу, ұстау, белгілеу, стандарттау тәртібін техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілейді.

5. Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға тиіс халықаралық және өңірлік стандарттар Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің және олармен үйлестірілген стандарттардың талаптарына қайшы келмеуге және олардың құзыретіне кіретін мемлекеттік басқару органдарымен келісілуге тиіс.

6. Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын халықаралық және өңірлік стандарттар және нормативтік құжаттар Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарттары және нормативтік құжаттарымен тең деңгейде қолданылады.

7. Шет мемлекеттер ұйымдарының стандарттарын Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандарты ретінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының қолдануы көрсетілген стандарттарды қолдануға құқық беретін,

олардың түпнұсқасының иелері - ұйымдармен шарт (рұқсат) жасасу негізінде жүзеге асырылады.

23-бап. Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыстарды жоспарлау

1. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасы экономикасының басым бағыттарын ескере отырып, мүдделі мемлекеттік басқару органдарының, стандарттау жөніндегі техникалық комитеттердің, Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының ұсыныстары негізінде мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыстардың жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлейді.

2. Ұлттық стандарттау жөніндегі жұмыстардың жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеген кезде Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдаған нормативтік құқықтық актілердің, Қазақстан Республикасының әлеуметтік және экономикалық дамуының жоспарлары мен ғылыми-зерттеу жұмыстары, бір жылдық және ұзақ мерзімді мемлекеттік және салалық ғылыми-техникалық бағдарламалар ережелері ескеріледі.

3. Мемлекеттік стандарттау жөніндегі жұмыстардың бекітілген бағдарламалары мен жоспарлары техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті органның ресми баспа басылымдарында және жалпы пайдаланудың ақпараттық жүйесінде электронды-санды түрде жарияланады.

4. Мемлекеттік стандарттау жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу тәртібін уәкілетті орган бекітеді.

4-тарау. Сәйкестікті растау

24-бап. Өнімдер мен процестердің белгіленген талаптарға сәйкестігін растау

1. Өнімдер, процестер сәйкестікті растау объектілері болып табылады.

2. Өнімнің техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкестігін растау:

1) өнімді өндірушінің, сатушының сәйкестік туралы декларацияны қабылдау нысанында;

2) сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген органның сертификаттауды жүргізуі және сәйкестік сертификатын беруі нысанында жүргізіледі.

3. Сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды басқару техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесі шеңберінде іске асырылады.

4. Техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесі сәйкестікті растау саласында бірыңғай саясатты жүргізуді қамтамасыз етеді және сәйкестікті растаудың негізгі ережелері мен рәсімдерін, сарапшы-аудиторларды даярлау және аттестаттау, жүйе тізбесін жүргізу және сәйкестікті растауды жүзеге асыру мақсатына қажетті өзге де талаптарды

б е л г і л е й д і .

5. Өнім сәйкестігін растау Қазақстан Республикасының аумағында міндетті немесе ерікті сипатқа ие.

**25-бап. Қазақстан Республикасының сәйкестікті
растау саласындағы техникалық реттеудің
мемлекеттік жүйесінің құрылымы**

1. Сәйкестікті растау саласындағы техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырушылық құрылымын:

- 1) уәкілетті орган;
- 2) сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген органдар;
- 3) аккредиттелген зертханалар құрайды.

2. Сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарға сәйкестікті растау және аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторлар және қажет жағдайда техникалық сарапшылар қатысады.

26-бап. Сәйкестікті міндетті түрде растау

1. Сәйкестікті міндетті түрде растау:

- 1) әзірлеуші-кәсіпорынның сәйкестік туралы декларацияны қабылдауы;
- 2) міндеті сертификаттау жүргізу нысанында жүзеге асырылады.

2. Өнімнің сәйкестігін міндетті түрде растау техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына және техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актіде белгіленген сәйкестікті міндетті түрде растау сызбаларына сәйкестігіне іске асырылады.

3. Сәйкестікті міндетті түрде растау сызбалары сәйкестікті белгілеудің тәсілдерінен (сынаулар, өндірісті бағалау, сапа жүйесін бағалау, техникалық құжаттаманы талдау, инспекциялық бақылау) тұрады және олардың міндетті сертификаттау жүргізген немесе сәйкестігі туралы декларацияны қабылдаған жағдайда сәйкестікті растау жөніндегі органдар және (немесе) өнімді дайындаушылар қолданады.

Өнімнің сәйкестігін міндетті түрде растауға техникалық сарапшылар тартылуы мүмкін.

4. Егер Қазақстан Республикасының заң немесе басқа да нормативтік құқықтық актілерінде өзгеше белгіленбесе, тұтытуда болған, сондай-ақ гуманитарлық көмек желісі бойынша жеткізілетін өнімдер сәйкестікті міндетті түрде растау объектілеріне жатқызылмайды.

**27-бап. Сәйкестікті растау, аккредиттеу жөніндегі
сарапшы-аудиторлардың күзіреті**

1. Сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлар өнімнің, қызмет көрсетулердің белгіленген түрлерінің сәйкестігін растау жөніндегі жұмыстарды жүргізуге сәйкестікті растау жөніндегі орган құрамында немесе сәйкестікті растаудың ұлттық жүйесінің нормативтік құжаттарына сәйкестігін онымен жасалған шарт (келісім-шарт) негізінде

қ а т ы с а д ы .

Егер олар өтініш берушілердің мүдделерін білдірсе немесе олармен еңбек немесе өзге де шарттық қатынаста болса, сәйкестікті растау жөніндегі сарапшы-аудиторлардың нақты өнімдердің, қызмет көрсетулердің сәйкестігін міндетті растау жөніндегі жұмыстарды орындауға құқығы жоқ.

2. Аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторлар сәйкестікті растау жөніндегі органдар мен сынау зертханаларын аккредиттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге уәкілетті орган белгілеген тәртіппен қатыса алады.

3. Сәйкестікті растау, аккредиттеу жөніндегі сарапшы-аудиторлардың біліктілік талаптарын, даярлау және аттестаттау, сарапшы-аудитор аттестатын беру, тоқтату немесе жою тәртібін Қазақстан Республикасының заңдары және өз құзыреті шегінде уәкілетті орган белгілейді.

28-бап. Сәйкестікті растау саласындағы жеке және заңды тұлғалардың (өнімдерді дайындаушылардың, сатушылардың) құқықтары мен міндеттері

1. Сәйкестігі міндетті түрде расталуға тиіс өнімдерді дайындаушылардың, с а т у ш ы л а р д ы ң :

1) осы өнімдер үшін техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актімен көзделген сәйкестікті растаудың нысаны мен сызбасын таңдауға;

2) аккредиттеу саласы өтінілетін өнімге таратылатын сәйкестікті растау жөніндегі кез келген органға жүгінуге;

3) егер бұл сәйкестікті растаудың таңдалған сызбасымен көзделсе, сәйкестігін міндетті түрде растаудан өткен өнімге сәйкестікті растау саласындағы техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесінің сәйкестік белгісін қолдануға;

4) сәйкестікті растау мәселелері бойынша уәкілетті органға, сәйкестікті растау жөніндегі органға жүгінуге;

5) Уәкілетті органға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сәйкестікті растау жөніндегі орган мен аккредиттелген зертханалардың заңсыз әрекеттеріне шағымдануға ;

б) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін сотқа шағымдануға құқығы бар .

2. Сәйкестігі міндетті түрде расталуға тиіс өнімдерді дайындаушылар, сатушылар:

1) өнімдердің техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық акт талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етуге;

2) өнімдер сәйкестігінің міндетті түрде расталуын жүргізуді қамтамасыз етуге;

3) егер бұл сәйкестікті растаудың таңдалған сызбасымен көзделсе, сәйкестігі міндетті түрде расталудан өткен өнімдерге, қызмет көрсетулерге инспекциялық бақылау жүргізуге арналған жағдайларды қамтамасыз етуге;

4) сәйкестігі міндетті түрде расталуға тиіс өнімдерді сәйкестігі расталғаннан кейін

Ғ а н а

с а т у ғ а ;

5) мемлекеттік бақылау жүргізген кезде, сондай-ақ мүдделі тұлғаларға қажетті ақпараттар, өнімдердің сәйкестік сертификатын (сәйкестік сертификатының көшірмесін), сәйкестік туралы декларация (сәйкестік туралы декларацияның көшірмесін) ұ с ы н у ғ а ;

6) ілеспе құжатта сәйкестік сертификаты туралы немесе сәйкестік туралы декларация туралы мәліметтерді көрсетуге;

7) егер сәйкестік сертификатының немесе сәйкестік туралы декларацияның қолданылу мерзімі аяқталса не сәйкестік сертификатының немесе сәйкестік туралы декларацияның қолданысы тоқтатыла тұрса не тоқтатылса, өнімдерді сатуды тоқтата т ұ р у ғ а немесе тоқтатуға;

8) сәйкестігін бағалау жөніндегі органды техникалық құжаттамаға немесе сертификатталған өнімдер өндірісінің технологиялық процестеріне енгізілген өзгерістер туралы хабардар етуге;

9) сәйкестігін растау нәтижелері бойынша техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес емес өнімдердің өндірісін тоқтатуға міндетті.

29-бап. Сәйкестік сертификаты

1. Сәйкестік сертификатын өтініш берушіге сәйкестігін растаудың таңдалған сызбасына сәйкес барлық ресімдерді орындаудың оң нәтижесі жағдайында өнімдерге сәйкестігін растау жөніндегі орган береді.

2. Сәйкестік сертификатында:

өтініш берушінің, өнімдерді дайындаушының, сәйкестік сертификатын берген органның атауы және орналасқан жері;

оны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін сертификатталған өнімдердің атауы; жүргізілген сертификаттау талаптарына сәйкес техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық акт атауы;

жүргізілген зерттеулер (сынаулар) және өлшеулер туралы ақпарат; өнімнің техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкестігіне дәлел ретінде өтінушінің сәйкестікті растау жөніндегі органға берген құжаттар туралы ақпарат; сертификаттың қолданылу мерзімі көрсетілуге тиіс.

3. Сәйкестік сертификатының толтырылу нысаны мен тәртібі сәйкестікті растау саласындағы техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесі ережелері белгілейтін бланкте р е с і м д е л е д і .

Сәйкестік сертификаты оны берген сәйкестікті растау жөніндегі органда тіркелуге т и і с .

4. Сериялы шығарылатын өнімдерге арналған сәйкестік сертификаты техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес белгіленген осы

өнімдердің жарамдылық (сақталу) мерзіміне беріледі. Осындай сертификаттың қолданылу мерзімі шектеулі болып табылады, осы мерзім ішінде дайындаушының, сатушының сертификатталған өнімді өткізуге құқығы бар.

Сәйкестік сертификатының қолданысы Қазақстан Республикасының барлық аумағына таратылады.

30-бап. Сәйкестік белгісі

1. Сәйкестік белгісі сәйкестікті міндетті түрде растау рәсімдеуінен өткен өнімдерді таңбалау үшін арналады.

2. Сәйкестік белгісінің бейнесі, оған қойылатын техникалық талаптар мен таңбалау тәртібін уәкілетті орган белгілейді.

3. Сәйкестік сертификатын алған дайындаушы, сатушы сәйкестік белгісін сәйкестікті растау саласындағы техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесі ережелерімен белгіленген өзіне қолайлы кез-келген тәсілмен қолдануға құқылы.

4. Сәйкестігі міндетті түрде расталуға тиіс және техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық акт талаптарына сәйкестігін растаудан өтпеген өнімге сәйкестік белгісін салуға рұқсат етілмейді.

31-бап. Сәйкестік туралы декларация

1. Сәйкестік туралы декларацияны, егер бұл техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілермен көзделген жағдайда сәйкестігі міндетті түрде расталуға тиіс өнімдерді дайындаушы, сондай-ақ сәйкестігі міндетті түрде расталуға тиіс емес кез келген өнімге қатысты ерікті түрде ресімделеді.

2. Сәйкестік туралы декларацияны Қазақстан Республикасында заңды тұлға ретінде тіркелген дайындаушылар қабылдауға құқылы.

3. Сәйкестік туралы декларацияда: өтініш берушінің атауы мен орналасқан жері; осы объектіні бірегейлендіруге мүмкіндік беретін сәйкестікті растау объектісі туралы ақпарат; өнім расталатын талаптарға сәйкес техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актінің атауы; сәйкестікті растау сызбасына нұсқама; өтініш берушінің оны нысаналы мақсатқа сәйкес пайдаланған кезде өнімнің қауіпсіздігі және өнімдердің техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкестігін қамтамасыз ету жөніндегі өтініш беруші қабылдаған шаралар туралы өтініші; жүргізілген зерттеулер (сынаулар) және өлшеулер, сапа жүйесінің сертификаты, сондай-ақ өнімнің техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкестігін растау үшін негіз болған құжаттар туралы мәліметтер; сәйкестік туралы декларацияның қолданылу мерзімі, техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес көзделген өзге де мәліметтер болуға тиіс.

Сәйкестік туралы декларацияның нысанын, декларацияны ресімдеу және тіркеу тәртібін техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

4. Сәйкестік туралы декларация осы өнімдерді шығарудың немесе нақты қызмет

көрсетудің жоспарланған мерзімінен, бірақ бір жылдан аспайтын мерзімнен туындай отырып өнімдерді дайындаушылар белгілеген мерзімде қабылданады.

5. Өнімнің сәйкестігі туралы декларация осы өнімдердің түрлерін енгізетін аккредиттеу саласына сәйкестікті растау жөніндегі органда тіркелуге тиіс.

6. Сәйкестікті растау саласындағы техникалық реттеудің мемлекеттік жүйесі ережелерімен белгіленген тәртіппен ресімделген және тіркелген сәйкестік туралы декларация Қазақстан Республикасының барлық аумағына арналған сәйкестік сертификатына тең заңды қолданысқа ие.

7. Сәйкестікті декларациялау:

өз дәлелдері негізінде сәйкестік туралы декларацияны қабылдауды; сәйкестікті растау жөніндегі органның қатысуымен алынған дәлелдер негізінде сәйкестік туралы декларацияны қабылдауды жүзеге асыра алады.

Дәлелдеу материалдарының құрамы техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актіге сәйкес белгіленеді.

Дәлелдеу материалдары ретінде техникалық құжаттама өз зерттеулері (сынаулары) мен өлшеулерінің нәтижелерін және (немесе) өнімнің техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкестігін растау үшін дәлелді негіз болған басқа құжаттар пайдаланылады.

Өз дәлелдері және сәйкестікті растау жөніндегі органның қатысуымен алынған дәлелдер негізінде декларациялау кезінде өтініш беруші өз дәлелдеріне қосымша өз таңдауы бойынша: аккредиттелген зертханада жүргізілген зерттеулер (сынаулар) мен өлшеулер хаттамаларын пайдалана алады, сапа жүйесінің сертификатын табыс етеді.

Сапа жүйесінің сертификаты, егер осындай, өнімдер үшін техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілермен сәйкестігін растаудың өзге де нысандары көзделген жағдайды есептемегенде, кез келген өнімнің сәйкестігі туралы декларацияны қабылдау кезіндегі дәлелдердің құрамында пайдаланылуы мүмкін.

8. Сәйкестік туралы декларация және дәлелдеуші материалдарды құрайтын құжаттар декларацияның қолданылу мерзімі аяқталған сәттен бастап үш жыл бойы өтініш берушіде сақталады. Сәйкестік туралы декларацияның екінші данасы сәйкестікті растау жөніндегі органда сақталады.

32-бап. Сәйкестігі міндетті түрде расталуға тиіс өнімдер мен қызмет көрсетулердің рыноктағы айналым шарттары

1. Сәйкестігі міндетті түрде расталуға (сертификаттауға немесе декларациялауға) тиіс өнімдердің, қызмет көрсетулердің рыноктағы айналымының қажетті шарты оның белгіленген тәртіппен расталған техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкестігі болып табылады.

2. Сәйкестігі міндетті түрде расталуға тиіс, бірақ сәйкестігін растаудан өтпеген өнімдерді сатуға тыйым салынады.

Міндетті сертификатталуға тиіс, бірақ Қазақстан Республикасында одан өтпеген өнімді жарнамалауға тыйым салынады.

3. Сәйкестігі міндетті түрде расталуға тиіс импортталатын өнімдерді жеткізуге жасалған шарттарда сәйкестігін растау жөніндегі міндеттеме көрсетілуге тиіс.

4. Сәйкестігі міндетті түрде расталуға тиіс және бөлшек саудаға арналған импортталатын өнімдерді жеткізуге жасалған шарттарда өнімдердің, дайындаушы ел мен кәсіпорын атауын, сақталу мерзімін (жарамдылық, пайдалану), сақталу шартын, қолдану тәсілін (егер аталған ақпараттың болуы техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актпен реттелсе) толықтыратын мемлекеттік және орыс тілдеріндегі ақпаратпен жалғасуға тиіс.

33-бап. Шет мемлекеттердің сәйкестікті растау нәтижелерін тану

1. Шет мемлекеттердің сәйкестік сертификаттары, өнімдерді сынау хаттамалары, сәйкестік белгілері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бекітілген халықаралық шарттарға сәйкес танылады.

2. Шетелдік сәйкестік сертификаттарды, сынау хаттамаларын, сәйкестік белгілерін тану тәртібін және тану туралы құжаттардың түрлерін уәкілетті орган белгілейді.

34-бап. Өнімдердің сәйкестігін ерікті түрде растау

1. Өнімдердің сәйкестігін ерікті түрде растау тапсырыс беруші мәлімдеген талаптар бойынша өнімдерді дайындаушылардың, сатушылардың бастамасымен жүргізіледі.

Сәйкестікті ерікті түрде растау, егер бұл техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актпен белгіленсе, өнімдердің сәйкестігін міндетті растауды а у ы с т ы р м а й д ы .

2. Сәйкестікті ерікті түрде растауды аккредиттеу саласында сертификаттау үшін мәлімделген талаптары бар сәйкестікті растау жөніндегі орган шарт негізінде жүргізеді.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары өнімдердің сәйкестігін ерікті түрде растау жүргізуге дайындаушыларды, сатушыларды, орындаушыларды міндеттейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдауға құқығы жоқ.

5-тарау. Сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және зертханаларды аккредиттеу

35-бап. Аккредиттеу

1. Сәйкестікті растау жөніндегі органдарды және зертханаларды аккредиттеу техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

2 . М ы н а л а р :

1) сәйкестікті растау жөніндегі органдар;

2) зертханалар аккредиттеу субъектілері болып табылады.

3. Субъектілерді аккредиттеу уәкілетті орган белгілеген тәртіппен шаруашылық жүргізуші субъектілердің өтініші бойынша жүзеге асырылады.

36-бап. Аккредиттеу аттестаты

1. Аккредиттеу аттестаты аккредиттелген субъектінің сәйкестігін растау жөніндегі жұмыстардың нақты түрлерін орындауға құзыретін ресми тану фактісін куәландыратын құжат болып табылады.

Уәкілетті орган берген аккредиттеу аттестаты Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жарамды.

Аккредиттеу аттестаты аккредиттелген субъектілердің мемлекеттік тізілімінде тіркелуге тиіс.

Аккредиттеу аттестатының нысанын уәкілетті орган белгілейді.

2. Аккредиттеу аттестатымен бірге міндетті қосымша ретінде қызмет аясында мәлімделген жұмыстардың нақты түрлері көрсетілетін аккредиттеу саласын белгілейтін құжат беріледі.

3. Аттестат егер оның қолданылу мерзімі аяқталса күшін жояды. Аккредиттеу аттестаты мынадай жағдайларда соттық тәртіпте күшін жояды, егер: инспекциялық бақылау кезінде аккредиттеу саласында белгіленген сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстарды орындауға оның құзыретіне күмән тудыратын аккредиттелген субъектінің қызметін бұзушылықтар анықталса; аккредиттеу субъектісі аттестат алған кезде көрінеу жалған ақпарат берсе жойылады.

4. Аккредиттеу жөніндегі шетелдік органдар берген аккредиттеу аттестатын немесе оған балама құжаттарды жасалған халықаралық шарттарға сәйкес уәкілетті орган таниды.

6-тарау. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау

37-бап. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар

1. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті орган, оның аумақтық органдары, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мемлекеттік бақылау жүргізуге уәкілетті мемлекеттік органдар жүргізеді.

2. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды нормативтік құқықтық актілерде белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары жүзеге асырады.

**38-бап. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік
құқықтық актілер талаптарының сақталуын
мемлекеттік бақылау объектілері**

Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер қолданысы таратылатын өнімдер мен процестер, сәйкестікті растау жөніндегі аккредиттелген органдар және зертханалар техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық акт талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау объектілері болып табылады.

**39-бап. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын
лауазымды адамдар**

1. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақтануын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарға:

1) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау жөніндегі Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік инспекторы - уәкілетті органның басшысы;

2) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақтануын мемлекеттік бақылау жөніндегі Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік инспекторының орынбасарлары - уәкілетті орган басшысының орынбасарлары ;

3) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақтануын мемлекеттік бақылау жөніндегі облыстар мен қалалардың Бас мемлекеттік инспекторлары - мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын аумақтық органдардың басшылары ;

4) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау жөніндегі облыстар мен қалалардың Бас мемлекеттік инспекторларының орынбасарлары - мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын аумақтық органдар басшыларының орынбасарлары;

5) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекторлар - құрылымдық бөлімше басшылары, мемлекеттік бақылаудың жүзеге асыратын барлық санаттағы мамандар жатады .

2. Осы баптың 1-тармағының 3), 4), 5) тармақшаларына атап өтілген техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар өз құзыреттері шегінде мемлекеттік органдар белгілеген тәртіппен аттестатталған болуға тиіс.

**40-бап. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік
құқықтық актілер талаптарының сақталуын
мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын
лауазымды адамдардың құқықтары**

Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды лауазымды адамдардың:

1) осы Заңға сәйкес техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау үшін тексеру тағайындалғаны туралы ұйғарымды және қызметтік куәлігін көрсеткен кезде кедергісіз кіруге;

2) заңдармен белгіленген тәртіппен заңды және жеке тұлғалардан техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау жүргізу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді алуға;

3) үлгілерге жұмсалған құн мен сынау (талдау, өлшеу) жүргізуге арналған шығындарды республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебіне жатқыза отырып, техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкестігін бақылау үшін өнімдердің сынаулары мен үлгілеріне таңдау жүргізуге;

4) өнімдерді сату сатысында өнімдерді дайындаушылардан, сатушылардан сәйкестік туралы декларация немесе өнімдердің техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкестігін растайтын сәйкестік сертификатын немесе егер осындай құжаттарды қолдану тиісті техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актімен көзделсе, олардың көшірмесін көрсетуін
т а л а п е т у г е ;

5) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының бұзылуын жойғаны туралы ұйғарымды бұзу сипатын ескере отырып белгіленген
м е р з і м д е б е р у г е ;

6) егер өзге шаралармен техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының бұзылуын жою мүмкін болмаса, дәлелденген шешім қабылдауға және өнімдерді сатуға тыйым салу туралы ұйғарым шығаруға;

7) берілген сәйкестігі туралы декларацияны және сәйкестік сертификатының тіркелуін тоқтата тұруға немесе болдырмауға;

8) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкес емес өнімдерді сатушы тұлғаларды заңдармен белгіленген жауапкершілікке
т а р т у ғ а ;

9) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен оларды сатуға және тұтынуға жарамсыз деп таныған жағдайда, өнімдерді жою жөніндегі комиссияға
қ а т ы с у ғ а ;

10) Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіпте сот органдарына шағымдануға құқығы бар.

41-бап. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың міндеттері

Мемлекеттік бақылау органдарының лауазымды адамдары:

1) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау жөніндегі шаралар жүргізу барысында Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы заңдарын қолдану жөніндегі түсіндіру жұмыстарын жүргізуге, дайындаушыларды, орындаушыларды, сатушыларды қолданыстағы техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер туралы а қ п а р а т т а н д ы р у ғ а ;

2) коммерциялық және заңмен қорғалатын өзге де құпияларды сақтауға;

3) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру тәртібін сақтауға;

4) техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының бұзылуын жою жөніндегі шараларды техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық акт талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылау нәтижелері негізінде қабылдауға міндетті.

42-бап. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың әрекеттеріне шағымдану

Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдардың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шағым жасалуы мүмкін.

43-бап. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдарды қорғау шаралары

Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын лауазымды адамдар, немесе олардың жақын туыстары қаза тапқан немесе жарақат алған жағдайда, егер олардың міндеттерін атқаруға байланысты болса, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес зиянның өтелуіне құқықтары бар.

7-тарау. Техникалық реттеу саласындағы заңдарды сақтамағаны үшін мемлекеттік органдардың, олардың лауазымды адамдарының, жеке және заңды тұлғалардың жауапкершілігі

44-бап. Мемлекеттік бақылауды жүзеге асырған кезде техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарының сақталуын

мемлекеттік бақылайтын органдар мен олардың лауазымды адамдарының жауапкершілігі

1. Мемлекеттік органдарға және олардың лауазымды адамдарына техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарынан сақталуын мемлекеттік бақылау жөніндегі іс-шараларды жүргізген кезде өздерінің қызметтік міндеттерін тиісті түрде орындамаған жағдайда және құқыққа қарсы әрекеттер (әрекетсіздіктер) жасаған жағдайда Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

2. Мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуына кінәлі мемлекеттік бақылау жөніндегі мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарына қатысты қабылданған шаралар туралы жеке тұлғаға және (немесе) құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған заңды тұлғаға бір ай ішінде хабарлауға міндетті.

45-бап. Жеке және заңды тұлғалардың техникалық реттеу саласындағы заңдарды сақтамағаны үшін жауапкершілігі

1. Жеке және заңды тұлғаларға (дайындаушыға, сатушыға): рынокта сатылатын өнім қауіпсіздігі үшін; техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарын бұзғаны үшін;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес, осы Заңның 44-бабында көзделген мемлекеттік бақылау нәтижелері бойынша мемлекеттік бақылау органының ұйғарымдары мен шешімдерін орындамағаны үшін жауапкершілік жүктеледі.

2. Өнімдердің техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкес келмеуі нәтижесінде азаматтың өміріне немесе денсаулығына, жеке және заңды тұлғалардың мүліктеріне келтірілген зиян Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өтелуге тиіс.

8-тарау. Қорытынды және ауыспалы ережелер

46-бап. Ауыспалы ережелер

1. Осы Заңға сәйкес техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актіні қабылданғанға дейінгі кезеңде Қазақстан Республикасының аумағында техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерге жатқызылған стандарттау саласындағы нормативтік құқықтық, нормативтік құжаттардың түрлерін айқындайтын "Стандарттау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабы 1-тармағының және Қазақстан Республикасы аумағында әзірленетін техникалық шарттарды мемлекеттік тіркеуге қатысты 14-бабының қолданысы сақталады.

"Стандарттау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 1-тармағында көзделген нормалар және актілер мен құжаттардың талаптары, осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көзделген мақсаттарға сәйкес бөлігінде ғана міндетті сақталуға тиіс.

Өнімдерге арналған техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық акті

және өнімдердің техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер талаптарына сәйкестігін растайтын мүмкіндікті көздейтін олармен үйлестірілген стандарттарды қабылдаумен бірге осы өнімдерге арналған техникалық шарттарды мемлекеттік тіркеу тоқтатылады.

2. Сәйкестікті растау саласындағы тиісті техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер қолданысқа енгенге дейін сәйкестікті растау жөніндегі жұмыстар "Сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Сәйкестікті міндетті түрде растау техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті органның ұсыныстары бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен сәйкестігі міндетті түрде расталуға тиіс өнімдердің (қызмет көрсетулердің) тізбесіне енгізілген өнімдердің (қызмет көрсетулердің) түрлеріне арналған қауіпсіздік көрсеткіштері бойынша жүзеге асырылады.

Тізбеге сәйкестік туралы декларацияны қабылдау жолымен немесе міндетті сертификаттау арқылы расталатын өнімдердің (қызмет көрсетулердің) түрлері, сондай-ақ экономикалық қызметтің түрлері бойынша өнім топтамасы жөніндегі өнімдердің және (немесе) Еуразия Экономикалық Одағының сыртқы экономикалық қызметі тауар номенклатурасының кодтары кіреді.

Сәйкестігі міндетті түрде расталуға тиіс өнімдердің (қызмет көрсетулердің) тізбесі оларды ресми жариялаған күннен бастап алты айдан (он екі айдан) аспайтын мерзім ішінде қолданысқа енеді.

Сәйкестігі міндетті түрде расталуға тиіс өнімдердің (қызмет көрсетулердің) тізбесі ресми басылымдарда жарияланады, техникалық реттеу жөніндегі уәкілетті орган тиісті халықаралық ұйымдарға хабарлайды.

3. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қолданысқа енгізу шаралары бойынша Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген, қайталама немесе оларға сәйкес келмейтін мемлекеттік және аумақтық стандарттар күшін жояды.

4. Техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер осы Заң қолданысқа енген күнінен бастап 7 жыл ішінде қабылдануға тиіс.

Аталған кезеңде қабылданбаған техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілерге қатысты өнімдерге, процестерге қойылатын міндетті талаптар аталған мерзім аяқталғаннан кейін күшін жояды.

5. Осы Заң қолданысқа енгенге дейін сертификаттау және сынау зертханалары жөніндегі орган белгілеген тәртіппен берілген аккредиттеу туралы құжаттар, сондай-ақ осы Заң қолданысқа енгенге дейін берілген сертификаттар оларда көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін жарамды болып есептеледі.

6. Қажетті техникалық реттеу саласындағы нормативтік құқықтық актілер қабылданғанша, нақты объектілерге қатысты техникалық реттеулер осы Заңға қайшы келмейтін қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүргізіледі.

47-бап. Осы Заңның қолданысқа ену тәртібі

1. Осы Заң оның ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енеді.

2. Мына Заңдардың:

"Стандарттау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 724-құжат);

"Сертификаттау туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі Заңының (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 20, 725-құжат; 2001 ж., N 1, 7-құжат; N 15-16, 231-құжат; N 23, 321-құжат).

3. Осы баптың 2-тармағында көрсетілген Қазақстан Республикасының Заңдары осы Заңның 46-бабында айтылған жағдайларды есептемегенде күшін жояды.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті